

Темекі бүйымдарын және құрамында темекі бар өзге де бүйымдарды акциздік маркалармен таңбалаудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 26 тамыз N 1251. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1349 Қаулысымен

Ескеरту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1349 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескеरту. Тақырыбы мен кіріспеге өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2004.06.15. N 657 , тақырыпқа өзгерту енгізілді - 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен

Акциздік маркалардың қозғалысын, акциздердің бюджетке уақытылы және толық түсін бақылауды жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

Ескеरту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1207 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Темекі бұйымдарын және құрамында темекі бар өзгеде бұйымдарды акциздік маркалармен таңбалаудың тәртібі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 2004.06.15. N 657 , 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 26 тамыздағы
N 1251 қаулысымен
бекітілген

Пайдаланушылардың назарына!

*Ескеरту. 2002 жылғы 1 мамырдан бастап ҚР Үкіметінің 2001.11.08. N 1421
қауалысымен мынадай өзгерістер енгізілуі
қ а ж е т :*

"2-тармақтың үшінші абзацындағы "(отандық өндірістің темекі бұйымдары: фильтрсіз сигареттер мен папиростарды қоспағанда)" деген сөздер алғынып т а с т а л с ы н ;

1) тармақшада "жұмсақ қораптағы" деген сөздер "сүзгілі сигареттің жұмсақ қорабындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "қайырма қақпақты қораптағы" деген сөздер "сүзгілі сигареттің қайырма қақпақты қорабындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

4) папирос қорабындағы мәтін немесе үстіңгі бетін жабатын акциз алымының маркасындағы сурет қораптың алдыңғы бетінің бағытына бағдарлануы тиіс және орталықта (оң және сол шетінен, алдыңғы және артқы қабырғалардан бірдей аралықта) орналасуы тиіс.".

Темекі бұйымдарын және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарды акциздік маркалармен таңбалаудың тәртібі

Ескеरту. Тақырыбы мен мәтініндегі "акциздік алым маркаларымен", "акциз алымы маркаларымен", "акциздік алым маркаларының", "акциздік алым маркаларын", "акциз алымы маркасының", "акциз алымының маркасы", "акциз алымы маркасын" деген сөздер "акциздік маркалармен", "акциздік маркалардың", "акциздік маркаларды" "акциздік марканың", "акциздік марка", "акциздік марканы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.15. N 657, "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін", "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне", "акцизделетін тауарларды", "акцизделетін тауарлар" деген сөздер тиісінше "Темекі бұйымдарын және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарды", "Темекі бұйымдарына", "темекі бұйымдарын", "темекі бұйымдары" деген сөздермен ауыстырылды - 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаұллыларымен.

1. Жалпы ережелер

1 . а лы ны п т а с т а л ды

Ескеरту. 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.11.14. N 1207 қаулысымен.

2. Темекі бүйымдарын және құрамында темекі бар өзге де бүйымдарды акциздік маркалармен таңбалаудың тәртібі

- 2. Темекі бұйымдары және құрамында темекі бар өзге де бұйымдар (бұдан әрі темекі бұйымдары) акциздік маркалармен таңбалануға тиіс.

Ескерту. 2-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Темекі бұйымдарын өндірушілер Қазақстан Республикасының аумағында сатуға арналған дайын өнімге акциздік марканы желімдеуді өндіріс процесінде

не таңбалау үшін белгіленген технология бойынша өзінің аумағында басқа оқшау жерде жүргізеді.

4. Еркін айналысқа арналған тауарларды шығарудың кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін темекі бұйымдарын акциздік маркалармен таңбалау, зандарда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерде жүзеге асырылады

4-1. Банкроттың мүлкін (активтерін) сататын конкурстық басқарушылар, конкурстық массаға енгізілген темекі бұйымдарын акциздік маркалармен таңбалауды өзінің аумағындағы оқшауланған орында таңбалау үшін белгіленген технология бойынша жүргізеді.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. N 495 қаулыларымен.

5 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 5-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6 . М ы н а л а р :

Қазақстан Республикасынан тысқарыға экспортталатын;

Қазақстан Республикасының аумағына "бажсыз сауда жасайтын дүкен", "кеден қоймасы" кеден режимдерінде әкелінетін;

жалғыз даналарда жарнама және (немесе) көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының кедендік аумағына "тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу" және "тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету" кедендік режимдерінде әкелінетін;

Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы тауарлар транзиті кеден режимінде отетін;

Қазақстан Республикасының кеден аумағына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген акциzsіз әкелу нормасының шектерінде жеке тұлғалар әкелетін (жіберетін) темекі бұйымдары акциздік маркалармен міндettі таңбалануға жатпады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.15. N 657 , 2005.05.23. N 495 қаулыларымен.

7. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, кеден режимдерінде ресімделген және акциздік маркалармен таңбалауды көзdemейтін темекі бұйымдары, Қазақстан Республикасының кеден аумағында сатылуы жағдайында бажсыз сауда жасайтын дүкендерден басқа, зандарда белгіленген тәртіппен акцизді төлей отырып, акциздік маркалармен міндettі таңбалануға жатады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.23. N 495 қаулыларымен.

Ескерту. 8-тармақ алғынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Темекі бұйымдарын және құрамында темекі бар өзге де бұйымдарды акциздік маркаларды желімдеудің тәртібі

9. Темекі бұйымдарына акциздік маркаларды желімдеудің тәртібі.

Қораптың аузын ашқан кезде акциз таңбасы бүлінуі тиіс.

Акциз таңбасы былайша орналастырылады:

1) сұзгілі сигареттің жұмсақ қорабындағы мәтін немесе үстіңгі бетін жабатын акциздік маркадағы сурет қораптың алдыңғы бетінің бағытына бағдарлануы тиіс және орталықта орналасуы тиіс (оң және сол шетінен, алдыңғы және артқы қабырғадан бірдей аралықта). Қорапты целлофанмен қаптау (егер мұндай көзделсе) қорапқа желімделген акциздік марканың үстінен жүргізілуі тиіс;

2) сұзгілі сигареттің қайырма қақпақты қорабындағы марка артқы бетінде орналасуы және бұрышын жауып, қораптың бүйір бетіне өтуі тиіс. Қорапты целлофанмен қаптау (егер мұндай көзделсе) қорапқа желімделген акциздік марканың үстінен жүргізілуі тиіс;

3) сұзгісіз сигарет қорабында акциздік алым маркасы қораптың сол және оң шетінен бірдей аралықта артқы бетінде тігінен орналасады әрі қорапты ашар ж е р д і б а с ы п ө т е д і ;

4) папирос қорабындағы мәтін немесе үстіңгі бетін жабатын акциз алымының маркасындағы сурет қораптың алдыңғы бетінің бағытына бағдарлануы тиіс және орталықта (оң және сол шетінен, алдыңғы және артқы қабырғалардан бірдей аралықта) орналасуы тиіс;

5) өзге де материалдан жасалған қорапта акциздік марка қораптың артқы бетінің ортасында орналасуы тиіс (оң және сол шетінен, алдыңғы және артқы қабырғадан бірдей аралықта). Қорапты целлофанмен орау (егер көзделген болса) қорапқа желімделген акциздік марканың үстінен жүргізілуі тиіс.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.11.08. N 1421 (2002 жылғы 1 мамырдан бастап күшіне енеді), 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Ескерту. 10-тармақ алғынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.22. N 904 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Акциз маркаларын желімдеу кезінде марканы тауардан бұлдірмей алуға мүмкіндік бермейтін желім пайдаланылуы тиіс.

Акциздік марканы желімдеуге арналған желім оның кебуі мен тауардан ажыратылып қалуын болдырмау үшін жоғары және төмен температураларға,

ылғалдың түрлі деңгейлеріне төзімді болуы және акциздік марканы қайталап пайдаланудың мүмкін болмауын қамтамасыз етуі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкірткыш ақпарат институты» ШІЖК РМК